

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 133 (9195)

1953 жылғы 5 июль Жексенбі

жеке саны 20 тыйын.
Шығуына 34 жыл

Мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстар кеңінен механикаландырылсын

Қоғамдық мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыруда мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды комплексті механикаландырудың зор маңызы бар. Алдыңғы қатарлы колхоздардың, МТС-тердің, ММШС-тердің және совхоздардың тәжірибесінен көрініп отырғанындай, мал фермаларындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру малшылардың еңбегін жеңілдетеді, малды бағып күту ісін жақсартуға қолайлы жағдай жасайды, мал шаруашылығы өнімдерін мол дайындауға, оның сапасын жақсартуға және мал шаруашылығынан адам және көлік күштерін көптеп босатуға мүмкіндік береді.

Газетіміздің бүгінгі санында МТС-тердің және ММШС-тердің мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жөніндегі республикалық кеңеске қатысқан аға механиктердің республиканың барлық еңбекшілеріне жазған хаты жарияланып отыр. Бұл хатта мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды тез және кеңінен механикаландырудың қажет екені айтылған. Мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруды тиімділігі ұйымдастыруда, сөйтіп, малды бағып күту ісін жақсартуға, мал басын өсіріп, оның өнімділігін молайтуда бұл хаттың маңызы ерекше зор. Кеңеске қатысушылар өздерінің хатында мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландырудың үстеміздегі жылғы жоспарын мезгілінде және толық орындауға міндеттенді.

Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларына сәйкес үстеміздегі жылғы облыс еңбекшілері алдында қоғамдық мал шаруашылығын өркендету саласында аса күрделі міндеттер тұр. Бұл облыстың колхоздары мен совхоздарында қоғамдық мал басы мықтап көбейтіледі, оның өнімділігі еселеп арттырылады. Бұл міндетті ойдағыдай орындауға мал шаруашылығындағы

Булаев ауданының колхоздарында былай қой түгелдей электр агрегаттарымен қырқылды. Бұл қойдан жүнді көп алуға, қой қырқуды ұйымшылдықпен өткізуге қолайлы жағдай туғызды.

Алайда, облысты түтас алғанда мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру ісі баяу жүргізіліп отыр. Мұның ең басты себебі — партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарының және колхоз, совхоз, МТС басшыларының, ферма меңгерушілерінің бұл мәселеге жете көңіл бөлмей, оған нашар басшылық жасауы болып табылады.

Бірқатар колхоздарда жел двигательдері, сыйыр сауатын, қой қырқатын, даймақ айыратын, мал суаратын, малға азық беретін машиналар мен агрегаттар бар. Бірақ, олар осы күнге дейін нашар пайдаланылып келеді. Мысалы, Булаев ауданындағы Коминтерн атындағы колхозда сыйыр сауатын агрегат бар. Ол өткен жылы біраз уақыт жұмысқа қосылды. Бұл агрегат көзір пайдаланылмай тұр.

Мал шаруашылығындағы күрделі жұмыстарды механикаландыруда МТС-тер зор роль атқарады. Сондықтан МТС басшылары бұл жұмысқа жеткілікті көңіл бөліп, еңбекті көп керек ететін күрделі жұмыстарды механикаландыру жөнінде нақтылы көмек көрсетуге тиісті. Алайда, облыс МТС-терінің мал шаруашылығындағы күрделі жұмыстарды механикаландыруға қатысы мүлде қанағаттанғысыз. Ленин атындағы, Нальч атындағы, Баян, Николаевка МТС-тері мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды өте баяу механикаландырып келеді. Оудан былайғы жерде мұндай кемшіліктерге жол бермей, еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландырудың жылдық жоспарын толық орындау керек. МТС-тер колхоздарда жемшөп өндіру, өңдеу, мал фермаларында малды күту, азықтандыру, сыйыр сауу, қой қырқу, сүт айыру жұмыстарын үнемі және тиімді-

Мал фермаларында және қоғамдық малға жемшөп дайындауда еңбекті кеңінен механикаландырайық!

Қазақ ССР машина-трактор және машина-малшаруашылық станцияларының барлық қызметкерлеріне, колхоз председателдеріне, совхоз директорларына, мал фермаларының меңгерушілеріне, барлық колхозшыларына, совхоз қызметкерлеріне, ауыл шаруашылығының мамандарына

МТС-тер мен ММШС-тердің аға механиктерінің мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жөніндегі республикалық кеңесіне қатысушылардың

Х А Т Ы

Қымбатты жолдастар!

Совет Одағының Коммунистік партиясының XIX съезі Қазақ ССР колхоздары мен совхоздарының алдына ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөнінде зор және жауапты міндеттер қойды. Ең жаңа техниканы, ғылым мен озат практиканың табыстарын өндіріске енгізу негізінде колхоздардың қоғамдық шаруашылығын нығайту және өркендету, МТС-тердің, ММШС-тердің және совхоздардың жұмысын жақсарту жолымен малдың санын едәуір көбейтіп, сонымен бірге, оның өнімділігін молайту керек, мал шаруашылығының жалпы және товарлы өнімін арттыру керек.

Таяудағы екі-үш жылдың ішінде біз қоғамдық малдың барлық түлігінің санын, малшаруашылық өнімдерінің жалпы мөлшерін шұғыл көбейтуге, сөйтіп, біздің республикамызды іс жүзінде Совет Одағының алдыңғы қатарлы малшаруашылық базасына айналдыруға тиісіз.

Быйылғы жылдың өзінде ғана колхоздарда сыйырдың саны 31,8 процент, қойдың саны 33,7 процент және шошқаның саны 82 процент көбейіп керек. Бір сауын сыйырдан сауылғын сүт екі еседен аса, әрбір қойдан қырқылатын жүн екі-үш есе артуға тиіс.

Осы міндеттерді орындауға озат техникамен жабдықталған машина-трактор және машина малшаруашылық станциялары орасан зор роль атқарады.

Коммунистік партия мен Совет үкметі ауыл шаруашылығын

Мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды кеңінен механикаландырып, қоғамдық мал шаруашылығын табысты, мол өнімді шаруашылыққа айналдырайық, соның нәтижесінде партияның XIX съезінің социалистік ауыл шаруашылығын онан сайын өркендету жөніндегі қарарларын мінсіз орындайық.

Жемшөпті

мол дайындау күресі

Жемшөптің біржарым жылдық қорын жасау үшін

Қоғамдық малға жемшөптің біржарым, екі жылдық қорын жасау жөніндегі Ақтөбе еңбекшілерінің үндеуі Октябрь ауданының озат колхоздары мен совхоздарында зор еңбек өрлеуін туғызды.

«Бірлік» колхозында жемшөп дайындау жұмыстары үлгілі ұйымдастырылған. Жемшөп дайындауда жұмыс істеп жүрген колхозшылардың көпшілігі күндік тапсырманы мінсіз орындап келеді. Мәселен, тракторға тіркейтін кеңалымды шөп машинасында жұмыс істеуші Ж. Жантұрин жолдас күндік тапсырманы үнемі артығымен орындайды. Ол 1200 гектар жердің пішенін шабуға міндеттенсе, қазірдің өзінде 500 гектар жердің пішенін шауып үлгерді.

Колхозда шөп жыйнау және оны маялау жұмыстары да тыңғылықты ұйымдастырылған. Шөп маялауда колхозшылар Нұртазин, Айғожин, Қоңығұлов жолдасар сменалық тапсырмаларын 135 проценттен орындайды.

Осы аудандағы Ленин атындағы колхоздың колхозшылары да жемшөптің біржарым жылдық қорын жасау жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуде. Социалистік жарыста кеңалымды шөп машинасының машинистері Тайкеев, Раббасов жолдастар алда келеді. Олар бір сменада 30 гектар орнына, 35—40 гектар жердің пішенін шабады. Осы сияқты, шөп маялауда қарт колхозшылар Жақынбаев, Нұрманов, Нұрсейітов жолдастар еңбек үлгісін көрсетуде.

Колхозшылар өздерінің күш-жігерін шөп шабу және оны маялау жұмыстарын бір-бірімен ұштастыра жүргізуге, бұл жөніндегі жоспарды егін орағына дейін толық орындау ісіне жұмсауда.

А. ЖОЛДЫҒАРИН.
(Ез тілшіміз).

Машинистердің табысы

1. Сүмен қамтамасыз етудің, мал суарудың, сыйыр сауу-

ландыру шешуші роль атқарады. Демек партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары, колхоз, совхоз және МТС басшылары мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды комплексті механикаландыру ісімен жеткілікті шұғылданып, оны барлық жағынан тығызлықты жүргізе білулері керек.

Мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландырудың қоғамдық мал шаруашылығын онан сайын өркендетуде зор маңызы бар екені облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздарының жылма-жылғы тәжірибесінен де айқын көрініп отыр. Мамлют асыл тұқымды мал совхозында мал шаруашылығындағы күрделі жұмыстар жыл сайын механикаландырылып келеді. Мұнда жыл дигителді жұмыс істейді, мал қораларында асиалы жол бар. Совхоздың фермаларында қолда бағу кезінде мал механикалық жолмен суарылады. Осы сияқты, совхозда қаймақ айыру ісі де механикаландырылған. Жыл сайын жабайы жемшөп малға өңделіп беріледі. Мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру нәтижесінде совхоз малды бағып күту ісін жақсартуға, мал басын жедел өсіріп, оның өнімділігін арттыруға, малшылардың еңбегін жеңілдетуге мүмкіндік алды.

Еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру Петропавл ауданындағы Сталин атындағы колхозда да тығызлықты жүргізіліп келеді. Мал фермаларындағы күрделі жұмыстарды механикаландыру арқылы колхозшылар мал күтімін жақсартып, мал шаруашылығынан табысты барған сайын көп алуға жетісуде.

Қазақстан КП Орталық Комитетінде

МТС-тер мен ММШС-тердің мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жөніндегі аға механиктерінің республикалық кеңесіне қатысушылардың хаты туралы

Қазақстан КП Орталық Комитеті МТС-тер мен ММШС-тердің мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жөніндегі аға механиктерінің республикалық кеңесіне қатысушылардың Қазақ ССР машина-трактор және машина-малшаруашылық стан-

Сауыншылардың ғылыми-өндірістік конференциясы

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі шақырған сауыншылардың ғылыми-өндірістік конференциясы 30 июнде өзінің жұмысын аяқтады. Оған республиканың колхоздары мен совхоздарының озат сауыншылары, мамандар мен ғалымдар қатысты.

Талдықорған облысы, Ленин атындағы совхоздың сауыншысы Жеміш Төлендинова, Алматы облысы, Алматы ауданының Мичурин атындағы және Молотов атындағы колхоздарының сауыншылары Валентина Черстокова мен Наталья Пацукова, Павлодар облысы, Павлодар совхозының сауыншысы Ан-

настасия Новикова және Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданының «Поледа» колхозының сауыншысы Анна Смирнова сыйыр сауу және сыйыр сүтінің майлылығын арттыру жөніндегі жұмыс тәжірибесі туралы баяндамалар жасады. Конференцияда сонымен қатар В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының Қазақ филиалы малшаруашылық институтының аға ғылыми қызметкері, ауылшаруашылық ғылымының кандидаты Д. Пактің сауын сыйырлардың сүттілігін арттыру жөніндегі ғылым мен озат тәжірибенің табыстары туралы баяндамасы тыңдалды.

МТС-тердің, ММШС-тердің мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жөніндегі республикалық кеңеске қатысушылардың хатында көрсетілгендей, фермалардағы күрделі жұмыстарды комплексті механикаландыру, машиналар мен агрегаттарды тиімді пайдалану маман кадрларға байланысты. Олай болса, әрбір МТС-те, әрбір колхоз бен совхозда мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруға кадрлар жеткілікті мөлшерде даярлануға тиіс.

Партия ұйымдары мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландырудың 1953 жылғы жоспарын толық орындау ісін ұйымдастыруға, сөйтіп, қоғамдық мал шаруашылығын ойдағыдай өркендетуге міндетті.

Мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды кеңінен механикаландырып, қоғамдық мал шаруашылығын табысты, мол өнімді шаруашылыққа айналдырайық, соның нәтижесінде партияның XIX съезінің социалистік ауыл шаруашылығын онан сайын өркендету жөніндегі қарарларын мінсіз орындайық.

цияларының барлық қызметкерлеріне, колхоз председателдеріне, совхоз директорларына, мал фермаларының меңгерушілеріне, барлық колхозшыларына, совхоз қызметкерлеріне және ауыл шаруашылығының мамандарына жазған хатын мақұлдады.

және, әресе, мал шаруашылығының барлық жағындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландырудың қажетті жағдайлардың бәрі бар.

Коммунистік партия мен Совет үкметінің елімізде азық-түлік молшылығын жасау, халқымыздың бақытты және қуанышты тұрмысын қамтамасыз ету жөніндегі қамқорлығына жауап бере отырып, республиканың колхозшылары мен колхозшы әйелдері, МТС, ММШС және совхоз қызметкерлері, ауыл шаруашылығының мамандары мен ғылыми қызметкерлері партияның XIX съезінің директиваларын жүзеге асыру үшін зор жігермен еңбек етуде.

Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында қойылған міндеттерді ойдағыдай орындау, жүн, ет, сүт және басқа малшаруашылық өнімдерін өндіруді едәуір арттыру үшін Қазақстанның колхоздары мен совхоздарында қажетті жағдайлардың бәрі бар.

Колхоздардың қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендету ісінде мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды комплексті механикаландырудың үлкен маңызы бар.

Мал фермаларындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру—озат колхоздардың, МТС-тердің, ММШС-тер мен совхоздардың тәжірибесінен көрініп отырғанындай, мал шаруашылығында істейтін қызметкерлердің еңбегін анағұрлым жеңілдетеді, еңбектің өнімділігін арттырады, адамдар мен күш көлігінің көпшілігін басқа жұмыстарға босатады, малды күтін бағуға және азықтандыруға өте қолайлы жағдай туғызады, сөйтіп, малдың өнімділігін молайтуға және малшаруашылық өнімдерінің сапасын арттыруға көмектеседі.

Республиканың озат колхоздары, МТС-тері, ММШС-тері мен совхоздары мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру әдісін өндіріске енгізу ісінде жақсы нәтижелерге жетті.

Алматы облысындағы Алматы МТС-і 1952 жылы колхоздардың мал фермаларында еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландырудың мемлекеттік жоспарын асыра орындады. Ефименко жолдастың монтаждау бригадасы «Луч Востока» және «Горный гигант» колхоздарында фермаларды сумен қамтамасыз етуді, мал суаруды, сыйыр саууды механикаландырды, жемшөп әзірлеу үшін жемшөп булағыштар, тамыр сурағыштар мен ұсақтағыштар, жүнжара ұсақтағыштар орнатты.

МТС өткен жылы қамтуындағы колхоздарда 40 мыңнан аса қой яғни жоспарда белгіленгеннен 10 мың қойды артық қырықты, ал, 1953 жылдың көктемінде 50 мыңнан аса қой қырықты.

Ақтөбе облысының Тамды МТС-індегі Семиренко жолдастың монтаждау бригадасы колхоздардың 3 товарлы-сүт фермасында сумен қамтамасыз ету ісін механикаландырып, 4 фермада жемшөп туралы және булайтын машиналар орнатты, мал суаратын 300 автосүат монтаждады.

Жамбыл облысындағы Свердлов МТС-і колхоздарда үш жел дигителін орнатты, сыйыр фермасында механизм агрегатын, жемшөп дайындайтын бірсыңыра машиналарды монтаждады, жемшөп жеткізуге және көңді шығарып тасуға арналған аспалы жол жасап, орнатты. Бұл МТС өткен жылы қой қырықтың электр агрегаттарымен жоспар бойынша 20 мың орнына 30 мың қой қырықты.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жөніндегі басқа шаралармен қатар, малды автоматпен суару, сыйырды электр механизмімен сауу және жемшөпті механизммен әзірлеу әдістерін енгізудің арқасында Алматы облысының Мичурин атындағы колхозында бір сыйырдан орта есеппен бір жылда сауылған сүт 1948 жылғы 1745 килограмнан 1952 жылы 2500 килограмға дейін көбейді. Сауыншылардың еңбек өнімділігі екі есе артты. Колхоз мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру есебінен ғана өткен жылы 11200-ден аса еңбек күн үнемделді. Колхоздың

механикаландыру әзірлеуді механикаландырудың, қойды электр механика күшімен қырудың, ішкі фермалық транспортты механикаландырудың, жел дигителдері мен электромоторлар ориатудың жылдық жоспарын 1953 жылғы 1 октябрьге орын даймыз және мал фермаларында еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландырудың жоспарын жылдың аяғына дейін асыра орындап шығамыз.

2. Колхоздардың барлық малға жемшөп дайындау жөніндегі мемлекеттік жоспарды орындауына барынша көмек көрсетеміз. Біз пішен жыйнайтын машиналардың қуатын неғұрлым өнімді пайдалану үшін, шөп жыйнау, шөмелелеу, маялау және жемшөп сүрлеу жөніндегі жұмыстардың барынша толық механикаландырылуын қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолданамыз.

Мал фермаларындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жоспарын және бұл жөнінде алынған міндеттемелерді ойдағыдай орындау үшін біз мынадай шаралар жүргізуге міндеттенеміз:

а) әрбір құрылыс бойынша белгіленген жұмыстардың көлемін мезгілінде орындауды ескере отырып, маман жұмысшылардан: слесарьлардан, монтажшылардан, электршілерден және басқа мамандардан монтаждау бригадаларын ұйымдастырамыз;

б) еңбектің прогрестік әдістерін қолданудың, мал фермаларын механикаландырудың белгіленген жоспарын үстіміздегі жылы толық және асыра орындауды ескере отырып, әрбір монтаждау бригадасының жұмыс графигін жасап береміз;

в) колхоздарда мал фермаларының құрылысына көмектесеміз, құрылыстардың бір үлгілі жобалар бойынша салынуын, бұларда жемшөп әзірлеуге, сумен қамтамасыз етуге, сыйыр саууға, жемшөп жеткізуге, көңді шығарып, тасуға және басқа жұмыстарға арналған машиналар мен установкалар орнаттылып, жабдықталатын болуын көздейміз;

г) мал фермаларында машиналар мен механизмдерді монтаждауға, пайдалануға және жөндеуге бақылау қоямыз және бұл жөнінде колхоздарға техникалық көмек беруді ұйымдастырамыз. Мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландырудың сапасын арттырып, өзіндік құнын кемітуге ерекше назар аударуға міндеттенеміз;

д) машиналар мен агрегаттарда жұмыс істейтін механизаторлар кадрларын қажетті мөлшерде даярлаймыз, жұмыс нормаларының толық және асыра орындалуы, әрбір машина мен агрегаттың үздіксіз және жоғары өнімді жұмыс істеуін көздеп отырамыз.

Жолдастар!

Социалистік жарысты кеңінен өрістетуге, оған әрбір механизаторды, колхоздар мен совхоздардың мал фермаларының әрбір қызметкерін қатыстыру біздің барлық табыстарымыздың шешуші шарты болып табылады.

Біз республикамыздың ауыл шаруашылығының барлық механизаторлары осы патриоттық қозғалысқа белсене қатысады, МТС-тер мен ММШС-тердің колхоздармен жасасқан шарттары бойынша алған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді, сөйтіп, Қазақстанның социалистік мал шаруашылығын онан әрі өркендету үшін қажетті жағдайлар жасайды деп сенеміз.

Әрбір колхоз бен совхозда мал шаруашылығын ауыл шаруашылығының күшті өркендеген және мол табысты саласына айналдырамыз. Партияның XIX съезі республикамыздың колхоздары мен совхоздарының алдына қойған міндеттерінің ойдағыдай орындалуын қамтамасыз етейік.

Біздің қуатын Советтік Отанымыз жасасын!

Біздің барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы — Совет Одағының ұлы Коммунистік партиясы жасасын!

Хат МТС-тер мен ММШС-тердің мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жөніндегі аға механиктерінің республикалық кеңесінде талқыланып, қабылданды.

Жемшөптің мол қорын жасау жолындағы күресте Булаев ауданының алдыңғы қатарлы колхоздарының мүшелері стахановтық еңбектің үлгілерін көрсетуде. Колхозшылардың табысты еңбегі жемшөпті мол дайындауға зор мүмкіндіктер туғызып келеді.

Шөптің тез және сапалы шабылуы машиналардың толық қуатымен жұмысқа қосылуына тікелей байланысты. Ал, шөп машиналарының өнімді жұмыс істеуінің геттігі машинистердің қолында. Шөп шабуға Калинин МТС-нің қамтуындағы стаханов атындағы колхозда жұмыс істейтін комсомолец-машинист С. Омаров жолдастық табыстарға жетіп жүр. Ол өзі жүргізетін шөп машинасын жоғары техникалық күтімде ұстап, оны толық қуатымен жұмысқа қосады. Мұның нәтижесінде жас машинист сменалық тапсырманы ұдайы артығымен орындауға жетісті. Бұл күндері ол тракторға тіркелген кеңалымды шөп машинасымен күн сайын 30-35 гектар жердің пішенін шабады.

Карл Маркс атындағы колхозда жұмыс істейтін машинистер Ақтөбе облысы ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің үстіміздегі жылы қоғамдық мал үшін жемшөптің берік қорын жасау жөніндегі үндеуін зор қуанышпен қарсы алды.

Бұл күндері озат машинистер жұмыс уақытын мейлінше тиімді пайдаланып, шөп шабуға кәзіргіден де зор табыстарға жету үшін күш жұмсауда.

Т. ТОҒЫБАЕВ,
Калинин атындағы МТС директорының
сапсы жұмыс жөніндегі орынбасары.

Жемшөп молшылығын жасаудың кепілі

Быйыл «Сталин жолы» ауылшаруашылық артелінде (Преснов ауданы) қоғамдық мал шаруашылығы үшін 3750 гектар жердің шөбі шабылады және жүздеген центнер шөп сүрленеді.

Шөп шабуға және жыйнауға қажетті машиналар мен құрал-жабдықтар мезгілінде сапалы жөндеуден өтті. Соның нәтижесінде алғашқы күннен бастап-ақ бір өздігінен жүретін, бір тіркемелі кең алымды шөп машинасы және 6 көлік шөп машинасы, 6 ат тырнаушы жұмысқа қосылды. Бұлармен күн сайын жүздеген гектар жердің шөбі шабылып, жыйналуға.

Колхоз піненшілері ақтөбеліктердің жемшөптің мол қорын жасау жөніндегі үндеуін бірауыздан қостады. Үндеуге жауап ретінде олар мал азығын дайындауда еңбек өнімділігін арттыра түсті. Әресе, №1 өндірістік бригаданың піненшілері өнімді еңбек етіп жүр. Мұнда машинашы Т. Әшімов жолдастық шөп шабуға күн сайын норманы артығымен орындап, алған көтеріңкі міндеттемесін зброймен жүзеге асыруда.

Колхозда бұл сияқты еңбек озаттарының саны күннен күнге көбейе түсіп келеді.

Т. ХАМЗИН,
А. САДЫҚОВ,

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Совет мекемелерінің партия ұйымдары

Еңбекшілер бұқарасын бесінші бесжылдықтың міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыру күресіне жұмылдыруда совет мекемелері орасан зор роль атқарады. Совет мекемелері, олардың қызметкерлері халыққа адал қызмет етіп, шаруашылық-ұйымдастыру және мәдени-тәрбие мәселелерін ойдағыдай шешіп отыруға тиіс.

Совет мекемелерінің жұмысын барған сайын жақсарту беруде олардың партия ұйымдарына зор міндеттер жүктеледі. СОКП Уставы бойынша совет мекемелерінің партия ұйымдары бақылау правосымен пайдалана алмайды. Бірақ, мұнан партия ұйымдары мекемелердің жұмысынан тыс қалады деген ұғым тұмайды. Мекеме партия ұйымдары, СОКП Уставында көрсетілгендей, мекеменің жұмысындағы кемшіліктер туралы білдіріп отыруға мекеменің және оның жеке қызметкерінің жұмысындағы кемшіліктерді кезінде көрсетіп, өзінің материалдары мен пікірлерін тиісті партия органдарына және мекеменің жоғарғы орындарына жіберіп отыруға міндетті. Мекеме партия ұйымдары қызметкерлер арасында партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмысты кеңінен өрістетуге арқылы оларды іскерлікке, мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтау, жұмыстары кемшіліктерге төзбеу рухында тәрбиелеуге тиіс.

Қала партия ұйымында 60 мекеме партия ұйымдары бар. Олардың есебіндегі коммунистердің саны бір мыңнан асады. Мекеме партия ұйымдарының басым көпшілігі өздерінің жұмыстарын СОКП Уставының талаптарына сәйкес ұйымдастырып, соңғы кезде партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмыстың дәрежесін анағұрлым жақсартты. Партия жыйналыстары коммунистердің зор белсенділігімен, деркесінде өтетін болды. 1952 жылы мекеме партия ұйымдарының 75 процентінде 10—15-ке дейін партия жыйналыстары өтті. Ол жыйналыстарда партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмыстың талағыз жеткен мәселелері талқыланды. Осының нәтижесінде партия ұйымдары сын мен өзара сынды кеңінен өрістетіп, мекемелердің, сол сияқты, жеке қызметкерлердің жұмысты кәзіргі талапқа сай істеуіне көмектесіп келеді. Бұл жөнінде қаладағы ауа райын бақылайтын бюро мекемесі партия ұйымының (секретары Золоторев жолдас) жұмысын мысалға алуға болады.

Партия ұйымында партиялық жұмыс жоспарлы жүргізіледі. Ұйымның жұмыс жоспарын жасау ісіне коммунистер белсене қатысырылады. Мұның өзі партия

★
В. КУЗНЕЦОВ,
ҚКП Петропавл қалалық
комитетінің секретары
★

алынған партия оқуының барысы, партия алдында адал және шынышыл болу, мекеме қызметкерлерінің арасындағы еңбек тәртібі сияқты мәселелер талқыланады. Мұның бәрі мекеменің бүкіл жұмысының дұрыс және үлгілі ұйымдастырылуына мүмкіндік берді.

Қалада мұндай мекеме партия ұйымдары көптеп саналады.

Алайда, барлық жерде жұмыстың жайы жап-жақсы деп тіпті де айта алмаймыз. Өйткені, бірсыпыра мекеме партия ұйымдарының жұмысы партия қойған талаптарға сай емес.

Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының облыстық бөлімшесі (жауапты секретары Нұрмұхаметов жолдас) лекциялық насихатты жеткіліксіз ұйымдастырып келеді. Бұл мекеме қоғам мүшелерінің жұмысына жеткілікті бақылау жасамайды. Осының салдарынан кейбір оқылған лекциялардың сапасы төмен болады. Жақында болып өткен партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысында коммунистер Дмитриева, Калибаев, Булакова жолдастар қоғамның жұмысындағы кемшіліктер үшін, аппарат қызметкерлерінің дабылына кезінде құлақ аспайтыны үшін коммунист Нұрмұхаметов жолдасы әділ және батыл сынады. Сонымен қабат, коммунистер саяси және ғылыми білімдерді тарату қоғамының облыстық бөлімшесінің жұмысын жақсарту үшін бөлімшенің коммунистерін облыстық радио хабарларын тарататын комитет партия ұйымына бөліп, қоғамның бөлімшесінің өз партия ұйымын ұйымдастыру жөнінде мәселе қойды.

Қалалық партия комитеті бұл тілекті қанағаттандырды. Кәзір бөлімшеде құрамында бірнеше коммунистер бар партия ұйымы жұмыс істейді. Бірақ, айта кету керек, бөлімшенің партия ұйымы әзірше өзінің жұмысын жақсарту қойған жоқ. Ол коммунистер мен аппараттың партияда жоқ қызметшілері арасында тәрбие жұмысын күшейту арқылы лекциялық насихаттың өрісі кең, дәрежесі жоғары болуына жетісуге тиіс. Бұл мақсаттың ұйымда сын мен өзара сынның кеңінен өріс алған күнде ғана ойдағыдай орындалуы мүмкін.

Атап айту қажет, кейбір мекемелерде кадрларды іріктеп алу, орналастыру және тәрбиелеу принципін бұзудағы жағдайлар

меткерлердің шындықты жасыруы бір-біріне жағымпаздануы, тіпті мемлекет мүлкін талап-тарапқа салуы орын алған «Автомобильдер» облыстық мекемесінің бастығы Жданович жолдас қызмет бабын пайдаланып, мекеменің тұрғын үйлерін өзінің қара басының пайдасы үшін жалға берді. Бұл фактіні партия ұйымының секретары Диденко жолдас біле-тұра жоғарғы партия, совет орындарына хабарлауды ескермеді. Мекеменің жұмысындағы кемшіліктер тек қалалық партия комитетінің араласуымен ғана ашылды.


Облыстық «Заготзерно» мекемесінде ұзақ уақыт бойы халық сенімін алмайтын, тамыр-таныстыққа, туысқандық белгілеріне қарай іріктеп алынған адамдардың тобы жұмыс істеп келді. Олар мекемені өздерінің пайдалы орындарына айналдырып, мемлекет мүлкін талап-тарапқа салды, қылмыстарының ізін жасыруға тырысты. Партия ұйымы, оның бұрынғы секретары Страшневская мұндай тәзгісіз фактілерді жоғарғы партия, совет орындарына хабарламады.

Істің орындалуын тексеру ұйымдастыру жұмысының өзегі екені мәлім. Алайда, кейбір партия ұйымдары партия жыйналыстары қаулыларының және жоғарғы партия, совет орындарының директиваларының жүзеге асырылуын жеткіліксіз тексереді. Қалалық тұрғын үйлер басқармасының партия ұйымы мекеменің жұмысын жақсарту ісіне көмектесу жөнінде көптеген қаулылар қабылдады. Бірақ, не пайда, ол қаулылардың орындалуы ұйымдастырылмады. Сондықтан қалалық тұрғын үйлер басқармасының жұмыс мүлдем қанағаттанғысыз болуына тап қалуға болмайды.

Совет мекемелері партия ұйымдары өздерінің жұмыстарын мәйлінше жақсартып, аппарат қызметкерлерін шаруашылық және мәдени құрылыс міндеттерін ойдағыдай шешу күресіне жұмылдыра білулері қажет. Бұл үшін партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмыстың дәрежесі жоғары болуы керек.

Бірсыпыра мекеме партия ұйымдары жұмысының қанағаттанғысыз болуына қалалық партия комитеті және оның тиісті бөлімдері кінәлі. Өйткені, бірқатар мекеме партия ұйымдары секретарьларының партиялық жұмыстың практикалық мәселелерінен тәжірибелері кем. Алайда, біз мекеме партия ұйымы секретарьларының семинарларын ұйымдастыруды ұмыт қалдырдық. Қалалық партия комитетінің қызметкерлері өзі де бәсекеге

Автомобиль жарысы



Жуырда Петропавлда, Есіл өзенінің алабында армияға, авиацияға, флотқа көмектесетін ерікті қоғамның облыстық комитетінің ұйымдастыруымен жарнамай үнемдеу жөнінде автомобиль жарысы өткізілді. Жарысқа отандық «Победа», «ЗИС-150», «ЗИС-5» және «ГАЗ-51» автомобильдері қатысты.

Жарысқа қатысатын автомашиналарға жарыс басталар алдында бір километр жер есебінен арнаулы ыдысқа жанармай құйылды, содан кейін машиналар стартқа шықты.

Старт берілді. Бірінші болып шофер Тараканов жүргізетін «Победа» жеңілді. Одан кейін жүргізуші Михайличенконың «Победасы», шофер Девятковтың «ГАЗ-51» машинасы және басқалары жүріп кетті.

Жарыста «Победа» автомобилі класы бойынша облыстық автомобиль басқармасының автомобиль базасының шофері В. Варышев бірінші орынды, П. Багай екінші орынды жеңіп алды.

«ГАЗ-51» автомашинасы класы бойынша 1600 метр жол жүрген шофер Стамбулиев жолдас бірінші орынға, шофер Девятков жолдас екінші орынға ие болды.

Жарыста бірінші, екінші орындарды алғандарға бірінші және екінші дәрежелі дипломдар берілді.

СУРЕТТЕ: жарыста үздік шыққан шоферлер П. Багай және (оң жақта) В. Варышев жолдастар.

Суретті түсірген: А. Розенштейн.

Октябрь ауданында

РАДИОТОРАБЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Степан Разин атындағы колхозда радио торабын салу жұмысы аяқталып, колхозшылардың үйлеріне радиоточкалар орнатылды. Кәзір бұл колхозда колхозшылардың үйлері толық дерлік радиоландырылды.

«Путь Ильича» колхозында да радио торабын салу жұмысы қызу қарқынмен жүргізілуде. Құрылыс жұмыстары үстіміздегі ай ішінде аяқталып, колхоз радиоторабы пайдалануға берілді.

КОЛХОЗ КЛУБТАРЫ

Сталин атындағы колхоздың басшылары колхозшылардың мәдени тілегін тыңғылықты өтеу мәселесіне жете көңіл бөле отырып, колхоз клубын салуды қолға алған болатын. Кәзір құрылыс жұмысы толық аяқталды. Клуб салуда колхоз жастары

КОЛХОЗДАР АВТОМАШИНА САТЫП АЛУДА

Аудан колхоздары ұйымдық шаруашылық жағынан жылдан жылға нығайып, олардағы механика күші үздіксіз артуда. Кәзір колхоздардың көпшілігінде жеңіл және жүк автомашиналары бар. «Щит» колхозы жуырда «Москвич» жеңіл автомашинасын сатып алды. Жамбыл атындағы және «Бірлік» колхоздары «ГАЗ-51» жүк машинасын алғызды.

ЖАҢА МАЛ ҚОРАЛАРЫ

Киров атындағы, Калинин атындағы және Жамбыл атындағы колхоздарда қоғамдық малды жылы қораман қамтамасыз ету жөнінде бірқатар жұмыстар жүргізілуде. Жамбыл атындағы колхозда кәзірдің өзінде 1000 бас қойға арналған стандартты қора, Киров атындағы кол-

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 3 июль. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының бас командованиясі бүгін мынаны хабарлады:

Өткен күні Халық армиясының бөлімдері Хагамнен, Кахори және Пенамдон аудандарында жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізді. Бұл ұрыстарда душпан едәуір шығындарға ұшыратылды.

Кеше түнде американ самолеттері Хамчжу (Оңтүстік Хамген провинциясы) уезінің Унбонли деревнясын және Хванчжу (Хванхэ провинциясы) уезінің Сангапхори деревнясын айуандықпен бомбалады. Осы бомбалаудың салдарынан көптеген тұрғын адамдар қазаға ұшырады және ондаған тұрғын үйлер қыйратылды.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері душпанның 4 самолетін атып түсіріп, екі самолетін зияндады.

БРЮССЕЛЬДЕ ТРАМВАЙ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕРЕУІЛІ

БРЮССЕЛЬ, 3 июль. (СОТА). 2 июльде Брюссельде трамвай қызметкерлерінің 24 сағаттық ереуілі болды. Үстіміздегі жылдың көктемінде трамвай мен поездардың билеттері қымбаттағаннан кейін трамвай компаниялары пайдаланып өскендігіне қарамастан трамвай иелері жалақыны 3 процент арттырудан бастартқандықтан кенет ереуіл басталған.

Ереуілге трамвай қызметкерлерінің 95 проценті, негізінен, Бельгия еңбекшілерінің жаппай федерациясына кіретін кәсіподақ мүшелері қатысты. Соң сияқты, ереуілге қатысуға басшыларының тыйым салуына қарамастан трамвай қызметкерлерінің христиан кәсіподағының көптеген мүшелері де қатысты.

Трамвай иелері ереуілді болдырмауға тырысып, швейцар-бренхерлердің көмегімен бірнеше трамвайларды жолға көлденеңінен қойған.

«Драпо руж» газеті трамвай қызметкерлерінің трамвай иелері олардың заңды талаптарын қанағаттандырғанға дейін ереуілді жүргізе беруді талап етіп отырғандығын атап көрсетеді.

ГРЕЦИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕРЕУІЛІ ӨЛІ ТОҚТАҒАН ЖОҚ

АФИНЫ, 3 июль. (СОТА). Газеттер ереуіл финанс, почта және телеграф министрліктерінің, таможня және басқа мекемелердің қызметкерлерін қамтығандығын хабарлайды.

Өзінің мәлімдемесінде мемлекеттік қызметкерлер кәсіподағы федерациясының атқару комитеті Афины, Пирей және басқа төңіректегі жерлердің қызметкерлерінің ереуілге қатысуы жаппай іске айналып, мемлекеттік қызметкерлердің жұмыс басын алғандығын хабарлайды.

партия комитетінің мәжілісінің талқылауына түйінді мәселелерді ұсынуға қолайлы жағдай туғызады. Партия ұйымы қызметкерлерге саяси тәрбие беру мәселесіне ерекше назар аударады. Ол партия оқуы жүйесіндегі аяқталып отырған оқу жылында коммунистермен бірге партияда жоқ қызметкерлердің партияның XIX съезінің материалдарын терең үйренуін ұйымдастырды, партия жыйналыстарында партия ұйымының және мекеменің өмірінен

мәдесіне, халық мүддесіне нұсқау келтіру, советтік тәртіпті қатаң сақтамау сыяқты фактілер жоқ емес. Осылай бола тұра да кейбір мекеме партия ұйымдары жоғарыда айтылған елеулі кемшіліктерге төзіп келеді.

«Автомобиль» мекемесі партия ұйымының секретары Диденко жолдас аппаратының қызметкерлеріне саяси тәрбие беру мәселесіне жете назар аудармады. Осының салдарынан бұл мекемеде кейбір қыз-

метерде жұмыс орындарында партия ұйымдарының жұмысына қажетті көмек көрсете алмай келеді. Қалалық партия комитетінің басты міндеттерінің бірі, міне, осы кемшіліктерді жою жөнінде нақтылы шаралар белгілеп, мекеме партия ұйымдары жұмыстарының дәрежесін зоттыра беру болып отыр. Бұл үшін қажетті мүмкіншіліктің бәрі де бар. Біз мекеме партия ұйымдарының СОПН Уставы қойған талаптарға сәйкес жұмыс істеуіне жетісуіміз керек.

Аудандық комсомол комитетінің пленумы

ҚКЖО Совет аудандық комитетінің III пленумы комсомол ұйымдарының оқушылар мен пионерлердің жазғы демалысын ұйымдастыру және мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеуге қатысуы туралы мәселе

талқылады. Бұл жөнінде аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Хорольский жолдас баяндама жасады.

Пленум комсомол ұйымдарын пионер

лагерьлерінің жұмысына көмектесуге, физкультура және спорт жұмысын кеңінен өрістетуге, арнаулы жексенбіліктер ұйымдастыру арқылы мектептерді жөндеу, отын дайындау жұмысына қатысуға міндеттеді.

Кітап саудасына жете көңіл бөлінсін

Халқымыздың әл-ауқаты мен мәдениетінің күн санап жақсара түсуі, оның өскелең тілегі әр алуан әдебиеттерді көптеп шығаруды талап етеді. Коммунистік партия мен Совет Үкметінің күнбе-күнгі қамқорлығы арқасында елімізде ұлт тілдерінде жыл сайын миллиондаған дана кітаптар басылып шығуда.

Өндіріс жаңашылдары, ауылшаруашылығының озаттары жөнінде жазылған әдебиеттерді, марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын, қазіргі заман тақырыбына арналған кітаптар мен кітапшаларды, көркем әдебиеттерді жұртшылыққа деркесінде жеткізу—аса маңызды міндеттердің бірінен саналады.

Соңғы жылдары облысымызда түрлі әдебиеттерді жергілікті жерлерге уақытылы жеткізу жұмыстары біраз жақсара түсті. Ауыл-село еңбекшілері керекті кітаптарды жергілікті жердің өзінен алатын болды.

Алайда, облыстық тұтынушылар одағы мен баспасөз тарату орындарының жұмыстары оларға қойылатын талап дәрежесінде болмай отыр. Бұған ең алдымен облыстық тұтынушылар одағы кінәлі. Оның аудандар мен ауыл-селоларда және колхоздарда көптеген кітап сағатын бөлімшелері бар. Осы бөлімшелердің дұрыс жұмыс істеуіне, оларға деркесінде жаңа әдебиеттерді жеткізіп отыруға облыстық тұтынушылар одағы жете көңіл бөлмей отыр. Міне, осының салдарынан облысымызда жыл сайын кітап сату жоспары орындалмай жүр. Әсіресе, Қонюхов ауданындағы кітап саудасы орындарының жұмысы нашар ұйымдастырылған. Аудан 1951

жылы кітап саудасы жоспарын 47,3 процент, ал, 1952 жылы 55,5 процент қана орындалды. Мұндай жағдай Октябрь, Преснов, Полудень және басқа аудандарда да кездеседі.

Кітап сату жоспарының орындалмауының негізгі себебі облыстық, аудандық тұтынушылар одақтары басшыларының жұмысшылар мен колхозшыларды және интеллигенттерді керекті кітаптармен қамтамасыз ету мәселесімен жете шұғылданбауынан деуіміз керек. Облыстық, аудандық тұтынушылар одақтарының қоймаларында кітаптар көп уақыт жатып қалады. Ал, бірқатар жерлерде осындай кітаптарды жұртшылық таба алмайды. Міне, осы себепті кейбір аудандар басқа облыстардан кітап алдыруға мәжбүр болып отыр.

Октябрь ауданындағы Ново-Покровка селолық магазинінде 60 түрлі, Белоглинка селолық магазинінде 30 түрлі ғана кітап бар. Ал, Соколов ауданындағы Дубровное селолық магазинінде витринаға бірде-бір кітап қойылмаған. Мұнда кітаптар ләзгерде сақталады. Сол сыяқты, Булаев ауданының «Победа», Карл Маркс атындағы, Стаханов атындағы колхоздарында да кітап саудасының жайы нашар.

Жергілікті сауда орындары жұртшылыққа қандай әдебиеттер керек екенін білмейді. Тұтынушылар кооперацияларының қызметкерлері кітап саудасы орындарына тек көркем әдебиеттерді ғана әкеледі де, жұртшылық көптеп керек етіп отырған саяси, ауылшаруашылық әдебиеттерін, жаңалық тапқыштардың іс тәжірибелері жөнінде жазылған кітаптарды жеткізіп отырмайды. Әсіресе, балалар әдебиетін ау-

дандар мен ауыл-селоларға және колхоздарға жеткізу төзгісіз жағдайда.

Облыстық тұтынушылар одағы мен «Казкипторг» бөлімшесі жергілікті жерлердегі кітап саудасы орындарын көбейту мәселесіне көңіл бөлмей келеді.

ҚКП қалалық, аудандық комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары кітап сату орындарының жұмысымен аз шұғылданады, оларға нақтылы көмек көрсетпейді. Кітаптарды жұртшылыққа жеткізу сыяқты маңызды мәселе ҚКП қалалық, аудандық комитеттерінің бюро мәжілістері мен партия ұйымдарының жыйналыстарына сирек қойылады. Кітап сауда орындары қызметкерлерінің жұмысындағы кемшіліктер, оны түзету жолдары көрсетілмейді.

Идеологиялық жұмыстың маңызды бір саласы—кітап саудасын жете бағаламау сыяқты теріс көзқарастан арылатын уақыт жетті. Облыстық тұтынушылар одағы мен «Казкипторг» бөлімшесі және «Союзпечать» кітаптарды насихаттауды кеңінен ұйымдастырып, олардың жергілікті сауда орындарына мезгілінде жеткізіліп тұруын қамтамасыз ету үшін барлық мүмкіншіліктерді пайдалануға тиіс.

Жергілікті партия, совет ұйымдары кітап саудасы орындарының жұмысын күнбе-күн басшылық жасап, оларға практикалық көмек көрсетіп отыруы керек. Міне, сонда ғана кітапты бұқара арасына тарату ісін партияның XIX съезі алға қойған талаптар дәрежесіне көтере аламыз.

В. ДОЛГАНОВ,

ҚКП облыстық комитеті насихат және үгіт бөлімінің нұсқаушысы.

Көзір Ленин атындағы колхозда да жаңа клуб салынып жатыр.

ДВИГАТЕЛЬ ОРНАТЫЛДЫ

Аудан колхоздары колхоз өндірісінде еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру мақсатымен двигательдер орнатуда. Жуырда Жамбыл атындағы колхозда 22 аттық күші бар двигатель орнатылды. Бұл сыяқты двигатель «Қызылту» колхозында да орнатылып жатыр.

бір сыйыр қорасы, Калинин атындағы колхозда шошқа қорасы салынып болды.

10 БӨЛТІРІК ҰСТАДЫ

Сталин атындағы колхоздың мүшесі Чернов жолдас жұмысқа бара жатқан бетінде қасқырдың апанын кездестірді. Сөйтіп, ол ондағы 10 бөлтіркіті ұстап алып, олардың терілерін шикі зат дайындау орнына тапсырды.

ҚАЛАЛЫҚ СОВЕТТІҢ СЕССИЯСЫ

Жуырда еңбекшілер депутаттары қалалық Советі атқомінің кезекті IV сессиясы қала мектептерінің 1952—1953 оқу жылындағы жұмысының қорытындылары және жаңа оқу жылына әзірлік туралы мәселе қарады. Бұл жөнінде қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі депутат З. Дегтяренко жолдас баяндама жасады.

Дегтяренко жолдас өзінің баяндамасында 1952-53 оқу жылында қала мектептерінің қол жеткен табыстары мен олардың жұмысында кездескен елеулі кемшіліктерге тоқталды.

Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезінің қарарларымен жігерленген қала мектептерінің оқытушылары оқу-тәрбие жұмысын онан әрі жақсарту, оқушыларға терең және тұрақты білім беру, оларды өз Отанына шексіз

берілген, коммунизмнің лайықты құрылыспылары етіп тәрбиелеу жолында жанаямай еңбек етті.

Баяндамада және жарыссөзде сөйлеген жолдастардың сөзінде оқу-тәрбие жұмысында жол беріліп келген елеулі кемшіліктер де атап көрсетілді.

Қалалық Советтің сессиясы қала және темір жол торабы мектептерінде оқу-тәрбие жұмысын онан әрі жақсартуға бағытталған қарар қабылдады.

Еңбекшілер депутаттарының қалалық Советі өзінің қарарында қаладағы барлық кәсіпорындары мен мекемелерді Ленин ауданындағы Александровка селолық Советінің үндеуін қызу қолдауға, сөйтіп, оған 1953-54 оқу жылына мектептерді үлгілі әзірлеумен жауап беруге шақырды.

Тілші дабылы анықталды

«Ленин туы» газетінің редакциясына түскен тілші хатында Мамлют ауданындағы Чкалов атындағы колхоздың мал фермасының меңгерушісі Костенконың ішідікке салынып, өз жұмысына жауапсыз қарайтыны айтылған еді.

Тілші хаты бойынша тексеріс жүргізіліп, онда келтірілген фактілер анық-

талды. Мәселе колхоз басқармасының мәжілісінде қаралып, басқарма мәжілісінің қаулысы бойынша Костенко ферма меңгерушісі міндетінен босатылды.

Ғ. ХҰСАЙЫНОВА,

ҚКП Мамлют аудандық комитетінің секретары.

ҚАЗАҚ ССР АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ДАЙЫНДАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ПЕТРОПАВЛДАҒЫ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ТЕХНИКУМЫ

1953-54 оқу жылына сырттан оқу үшін Жерге орналастыру, егін шаруашылығы және бухгалтерлік бөлімдеріне оқушылар алады.

Оқу мерзімі 5 жыл. Техникумға кемінде 7 класс көлемінде білімі бар азаматтар қабылданады.

Оқуға түсушілерден жетіжылдық мектеп көлемінде—математикадан (жазбаша, ауызша), орыс тілінен және әдебиеттен (ауызша және жазбаша), ССРО Конституциясынан емтихан алынады.

Жетіжылдық мектепті отлучно бітіргендерден қабылдау емтиханы алынбайды.

Оқуға түсемін деушілер арыздарына мына документтерді: өмірбаянын, білімі туралы куәлігін (түп нұсқасы), денсаулығы туралы анықтама, 3 фотосуретін, әскери міндеттілігі жөнінде анықтама және жұмыс істеген жерінен алған анықтаманы қоса тапсырулары керек.

Өтініштер және қабылдау емтиханы 1 июльден 1 ноябрьге дейін қабылданады.

Сырттан оқу бөлімінде оқығаны үшін оқушылар жылына 75 сом ақы төлейді. Өтініштерді мына адреске жіберу керек: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Базар көшесі, 30-үй. Ауылшаруашылық техникумы.

уілдерінің ішінде өзінің көлемі жағынан бұл ереуілдің ең қуатты болып отырғандығын хабарлайды.

Мемлекеттік қызметкерлердің ереуілге жаппай қатысуы Патрыда да болған, онда мемлекеттік қызметкерлердің 80 проценттен астамы ереуіл жасауда. Ереуіл әлі болып жатыр.

ТҮРІК ӘСКЕРЛЕРІН ОҢТҮСТІК КОРЕЯҒА ЖӨНЕЛТУ

СТАМБУЛ, 3 июль. (СОТА). Баспасөз хабарларына қарағанда, қазіргі уақытта Кореяда тұрған түрік бригадасының құрамын толықтыру үшін жөнелтуге Түркияда жаңа әскери бөлім сұрыпталған. Осы әскери бөлімнің алғашқы эшелоны Кореяға мұнан бірнеше күн бұрын жөнелтілген. 2 июльде құрамында 2 мың түрік солдаттары мен офицерлері бар екінші эшелон жөнелтілген. 5 июльде ақырғы эшелон—1600 адам жөнелтіледі.

Түрік әскерлері Измирден жүк тасыйтын америка кемелеріне отырғызылып жөнелтілуде.

Кореядағы соғыс кезінде түрік бригадасының құрамы осымен төртінші рет толықтырылады.

ЕГИПЕТ МИНИСТРІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ЛОНДОН, 3 июль. (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің Каирдан берген хабарына қарағанда, Египеттің Ұлттық басшылығының министрі Салах Салем 3 июльде «Суэц каналының бойындағы базалардың болашақ тағдыры жөніндегі ағылшын-египет келіссөздерінің қайта басталуына осы базаны Египеттің толық билейтіндігін Англия танып растағанға дейін ешқандай үміт жоқ»,—деп мәлімдеген.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«БІР УНИВЕРМАГТА»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ВОЗТОРҒАЙЛАР САЙРАЙДЫ»

Сеанс сағат 10-да басталады.

ЖАЗҒЫ КИНОТЕАТРА

«АРИНКА»

Сеанстар сағат 7-9-11-де басталады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.